

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Т.К.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРЕЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

Т.Ғ.М., лектор

\_\_\_\_\_ Н.К.Кызылбаев

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019ж.

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: « Астана қаласындағы белсенді спорт түрлеріне арналған спорт кешені »

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған:

Шынарбек Н.Ж.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

Жетекші маман

ЦСОЗС-ның директоры

\_\_\_\_\_ Имашев А.Б.

\_\_\_\_\_ Омаров Ж.А.

(қолы)

(қолы)

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019ж.

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019ж.

Алматы, 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Т.К.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Шынарбек Нұрғиса Жұмамұратұлы

« Астана қаласындағы белсенді спорт түрлеріне арналған спорт кешені »

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5В072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы, 2019

Дипломдық жобаны дайындау  
**КЕСТЕСІ**

Білім атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік-құрылыстық бөлім	18.02-01.03.2019ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	18.03-29.03.2019ж.	
Құрылыстың технологиясы мен ұйымдастыру және еңбекті қорғау бөлімі	03.04-15.04.2019ж.	
экономикасы бөлімі	15.04-19.04.2019ж.	
Антиплагиат, нормоконтроль, алдын-ала қорғау	19.04-29.04.2019ж.	
Қорғау	29.04-25.05.2019ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқтаған жобаға қойған  
**қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік-құрылыстық бөлім	Омаров Ж.А. директор центра		
Есептік-конструктивтік бөлім	Омаров Ж.А. директор центра		
Құрылыстың технологиясы мен ұйымдастыру және еңбекті қорғау бөлімі	Омаров Ж.А. директор центра обследования зданий сооружение		
Құрылыс экономикасы бөлімі	Омаров Ж.А. директор центра		
Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	Омаров Ж.А. директор центра		
Норма бақылаушы	Козюкова Н.В. Сениор-лектор		

Ғылыми жетекшісі \_\_\_\_\_ Омаров Ж. А.  
(қолы)

Тапсырманы орындауға қабылданды \_\_\_\_\_ Шынарбек Н.Ж.  
(қолы)

Күні «\_\_\_» \_\_\_\_ 05\_\_\_\_ 2019ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. маг, лектор

\_\_\_\_\_ Н.К.ҚЫЗЫЛБАЕВ

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Шынарбек Н.Ж.

Тақырыбы «Астана қаласындағы белсенді спорт түрлеріне арналған спорт кешені»

Университет ректорының « 30 » қазан 2018 ж. № 1210 б - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 24 » мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Астана қаласы, спорт кешенінің конструкциялық сұлбасы – қаңқалы- байланысты, биіктігі бойынша тұрақты қаттылығы қамтамсыз етілген, ұстындары, арқалықтары жабын плиталары – тұтасқұймалы темірбетоннан жасалынған.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Сәулеттік - құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамалары; көлемдік-жоспарлық шешімдер; сәулеттік-конструктивтік шешімдер; сыртқы қабырғаның жылдүтехникалық есебі; ғимаратты инженерлік жабдықтау; 2. Есептік- конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру тақтаны есептеу және оның нәтижесі бойынша темірбетон элементтерінің есебі және оларды тағайындау 3. Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлімі: жер үсті жұмыстарының көлемін анықтау; есептеу жолымен автосамосвалдардың қажетті санын анықтаймыз; мұнаралық кранды таңдау; бетонтасушы машиналардың санын анықтау; ғимараттың жер үсті темірбетон конструкцияларды монтаждаудың технологиялық картасын тұрғызу; объектік құрылыстық бас жоспарды жобалау; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария; күнтізбелік жоспары 4. Құрылыс экономикасы бөлімі: жергілікті және объектілік сметаларды жасау, 5. Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.

Сызбалық материалдар тізімі ( міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеттері, қималар, түйіндер, спецификация, жоспарлар - 4 парақ;

2. Ұстын, аражабын тақта, спецификациялар - 2 парақ;

3. Бетон құю жұмыстарының техкартасы, құрылыс өндіріс күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар - 3 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет: ҚР құрылыс мөлшерлері және ережелері. ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2010. Құрылыс климатологиясы. – Еңг. 2011-01-05. -Астана: ҚР ИСМ құрылыс және ТҮКШ істері агенттігі, 2010. -20б



## **АНДАТПА**

Дипломдық жобамның атауы «Астана қаласындағы белсенді спорт түрлеріне арналған спорт кешені». Ғимарат Ақмола облысы, Астана қаласында орналастырылады. Спорткешен орталығы ғимараты

- автокөліктерге арналған тұрақ жолы
- демалыс орындары
- келушілерге арналған аймақ

Келіп кетушілерге арналған аймақ 24 орындық автокөлік паркінен және келушілердің тынығу аймағынан тұрады. Келушілерге кіру есігі ғимараттың көше жағынан орналасқан. Ғимараттың сыртқы ортаңғы алаңында келушілер тынығу үшін гүлбақша орналасады. Спорт кешен ғимараты еліміздің спорт саласында өркендеу стратегияларының бірін орындайды.

## **АННОТАЦИЯ**

Название дипломного проекта "Спортивный комплекс для активных видов спорта в г. Астана". Здание будет размещено в г. Астана, Ақмолинской области. Здание спортивного центра

- парковочная дорожка для автомобилей
- места отдыха
- зона для посетителей

Зона для посетителей состоит из парка автотранспорта на 24 места и зоны отдыха посетителей. Вход посетителей находится со стороны улицы здания. На внешней центральной площади здания для отдыха посетителей располагаются скверы. Здание спортивного комплекса выполняет одну из стратегий развития спортивной отрасли страны.

## **ANNOTATION**

The name of the diploma project "Sports complex for active sports in Astana". The building will be located in Astana, Akmola region. The building of the sports centre

- a Parking track for vehicles
- holiday destination
- visitor area

The area for visitors consists of a fleet of vehicles for 24 seats and a recreation area for visitors. The entrance of visitors is from the street side of the building. On the outside of the Central area of the building for visitors to enjoy are the parks. The building of the sports complex performs one of the strategies of development of the sports industry of the country.

## Мазмұны

<b>КІРІСПЕ</b>	<b>7</b>
1 Сәулеттік-құрылыс бөлім	8
1.1 Бас жоспар	8
1.2 Ғимарат туралы жалпы ұғым	8
1.3 Ғимараттың көлемдік-жоспарлық шешімдері	9
1.4 Ғимараттың құрылымдық шешімдері	10
2 Есептік-құрылым бөлімі	19
2.1 Қада көтергіш қаблеттілігін анықтау	19
3 Құрылыс технологиясы бөлімі	22
3.1 Бетондық жұмыстар, қысқы бетон күтімі технологиялық картасы	23
3.2 Көлемді- жоспарлы шешімдердің ТЭК-і	27
3.3 Құрылыстың бас жоспары	27
4 Экономика бөлімі	31
4.1 Құрылыстың сметалық құнын анықтау	31
5 Еңбекті қорғау бөлімі	32
5.1 Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау туралы заңы	32
5.2 Жер жұмыстарын жүргізу кезіндегі еңбекті қорғау	33
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>34</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ</b>	<b>35</b>
Қосымша	37

## Кіріспе

Менің дипломдық жобамның атауы «Астана қаласындағы белсенді спорт түрлеріне арналған спорт кешені». Ғимарат Ақмола облысы, Астана қаласында орналастырылады.

Астана қаласының топырағы құмды, құмдақты, сазды болып келеді. Осыған орай ғимаратымыздың іргетасын қадалы іргетас алынады. Ал қабырғасы кірпіштен қаланады.

Астана қаласы аумағында құрылыс салу және жобалау бойынша жалпы шарттар мен талаптар

1. Жобалық-сметалық құжаттаманың құрамы және бекіту, келістіру, дайындау тәртібі Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларына және қағидаларына сәйкес анықталады.

2. Қоршаған ортаға және тұрғындардың денсаулығына кері әсерін тигізетін құрылыс салу барысында алаңды таңдау және жобаны дайындау кезеңдерінде қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік органдарының келісімі қажет.

3. Жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс салу органымен берілген сәулет-жоспарлау тапсырмасымен нақты жер учаскесін (трасса, алаң) объектіні орнату және негізгі параметрлерін тағайындауға талап кешендері. Сонымен қатар Жезқазған қаласы үшін қала құрылысы регламентіне сәйкес, құрылысқа және жобалауға орнатылған міндетті талаптар мен шектеулер.

Қазақстан экономика мен өз мемлекеттілігінің бері іргетасын құра отырып, дамудың жаңа кезеңіне сенімді қадам басуда.

Менің дипломдық жобам спорт саласы елімізде өркендеп спортшылардың міндеттерін тиімді де қажетті шара болар еді деп ойлаймын. Өйткені, спорт деген адам өмірінде қажет салаларының бірі – спорт денсаулық негізі.

Өзімнің қоғамдық ғимаратымды жобалау кезінде мен қоршаған ортаны қорғауға, жұмысшыларға ең ұтымды да оңтайлы жағдайлар жасауға барынша назар аудардым.



## **1 Сәулеттік-құрылыс бөлім**

### **1.1 Бас жоспар**

Астана қаласындағы белсенді спорт түрлеріне арналған спорт кешенінің құрылыстың орналасу жері жолға жақын орналасады, осыған сәйкес қалалық ішкі құрылымымен нысанға қажетті материалдарды тасымалдауға жеңілдік туады. Сонымен қатар қажетті жүріп өту жолдары, тратуарлар толығымен асфальтбетонды болып келеді. Көгалдандыруға жергілікті табиғи-климаттық жағдайына байланысты үйреншікті элементтер қарастырылған.

Басжоспардағы ерекшеліктер:

- спорткешен орталығы ғимараты
- автокөліктерге арналған тұрақ жолы
- демалыс орындары
- келушілерге арналған аймақ

Келіп кетушілерге арналған аймақ 24 орындық автокөлік паркінен және келушілердің тынығу аймағынан тұрады. Бір автокөліктің парктегі 6х3м өлшемдегі орынды алады. Келушілерге кіру есігі ғимараттың көше жағынан орналасқан. Ғимараттың сыртқы ортаңғы алаңында келушілер тынығу үшін гүлбақша орналасады. Қонақтарға арнап екі автокөлік тұрағы 50 орындық. Спорткешен орталығы қызметкерлеріне бір 50 орындық автокөлік тұрағы ұйымдастырылады.

Негізгі көлік байланыс жолдарының ені – 6м, тротуарлар ені – 3м.

Басжоспардың негізгі технико-экономикалық көрсеткіштері:

- жалпы құрылыс алаңы – 9756 м<sup>2</sup>
- құрылыс салу алаңы – 1382 м<sup>2</sup>
- ғимараттың жалпы көлемі – 34550 м<sup>2</sup>

### **1.2 Ғимарат туралы жалпы ұғым**

Жобаланатын нысан – спорткешен орталығы. Спорткешен орталығының биіктігі – 2 қабат, тех қабаты бар.

Құрылыс аймағы – Астана қаласы.

ҚР ҚНЖЕ 23-01-99\* сәйкес құрылыс алаңының климаттық жағдайы:

- Климаттық аймақ – ІВ
- Қаңтар айы бойынша орташа температурасы – минус -16,8°
- Шілде айы бойынша орташа температурасы – 20,4°
- Ең салқын бескүндіктің температурасы – минус 36°
- Жылдық орташа шөгудің көрсеткіші – 307 мм
- Жел қысымы бойынша аймақ – III
- Қар жамылғысының салмағы бойынша аймақ - III

Қадалы іргетасқа негіз болып :

- үйілген топырақ –саздақ;

– қара-сұр түсті саз , қатаң созылмалы консистенциялы, тұнбалы есептік сипаттамасы:  $C= 14$  КПа,  $j= 16^\circ$  ,  $r=1,62$  г/см<sup>3</sup>,  $E=2,5$  МПа қалыңдығы 1,8 -ден 2,0 м-ге дейін;

– сұр-жасыл түсті саздақ , жеңіл созылмалы консистенциялы, 3,00-3,20 маралығында қатаң созылмалы консистенциялы саз қабаты, 5,60 м тереңдіктен құм басталады есептік:  $C= 16$  КПа,  $j= 17^\circ$  ,  $r=1,85$  г/см<sup>3</sup>,  $E=3,5$  МПа, қабат қалыңдығы 7,90 м;

– қоңыр түстес құм, құрамы қиыршықты ,суға сінген ,жұмсартылған,сазды есептік:  $R= 350$  КПа,  $r=1,96$  г/см<sup>3</sup>,  $E=15$  МПа, қабат тереңдігі 2,5 м,

– ашық сұр түстес саздақ, қатты консистенциялы, 12,00 м тереңдіктен бастап ала түсті болып келегент 5% ірі құм қоспасы бар есептік сипаттамасы :  $C= 23$  КПа,  $j= 18^\circ$  ,  $r=1,80$  г/см<sup>3</sup>,  $E=9,0$  МПа, қабат қалыңдығы 9,00 м.

Бірінші қабат белгісі ретінде 0,000 белгісі қабылданып ,абсолютті белгілеу бойынша 346,10 белгісіне сәйкес келеді.

Жерасты сулары құрылыс алаңында 1,65 - 3,10 м тереңдік аралығында анықталған , абсолютті белгі бойынша 340,15 - 340,90 м. Жерасты сулары мезгілдік ауытуларға ұшырап 1,2м аралығында деңгейін өзгертіп отырады.

**Кесте 1.1 - Желдің бағыты бойынша орташа жылдамдығы, м/с**

Ай	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
Қаңтар	3,4	4,4	4,6	4	4,8	5,7	4,8	3,4
Шілде	4,5	4,6	3,9	4	4,3	5,7	5,9	5

**Кесте 1.2 - Желдің бағыты бойынша қайталануы, %**

Ай	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
Қаңтар	18	14	27	7	9	12	5	8
Шілде	23	18	11	3	5	8	15	17



Сурет 1.1 – Ғимараттың раушан желі

### **1.3 Ғимараттың көлемдік-жоспарлық шешімдері**

Жоспар бойынша Астана қаласындағы белсенді спорт түрлеріне арналған спорт кешені 2 қабатты болып келеді.

Абсолютті ноль деңгейі теңіз деңгейі бойынша 346,10 белгісі қабылданып алынды. Жердің төменгі бөлігінде орналасқан қабаттың еден деңгейі (-2,500).

Бірінші қабат еденінің деңгейінен бастап ғимараттың жалпы биіктігі – 23,3 м.

Тех қабат биіктігі – 2,1 м.

Ғимараттың бірінші қабатында (+0.000 деңгейде) кіреберіс бөлмелер (вестибюль, баспалдақты түйін) орналасады.

Астана қаласындағы белсенді спорт түрлеріне арналған спорт кешені орталығы жауапкершілігі МЕМСТ27751-88 сәйкес ғимараттың жауапкершілік деңгейі – II, өртке төзімділік деңгейі - II, ұзақ уақытқа жарамдылық деңгейі - II (ұзақ уақыттың ішінде ғимараттың пайдалану сапасының сақталу қабілеттілігі).

### **1.4 Ғимараттың құрылымдық шешімдері**

Жобаланатын ғимарат жартылай қаңқалы, өйткені ұстындары іштен де, сондай-ақ ғимараттың периметрі бойына да орнатылған қадалы іргетасты ғимарат. Олар жабын жүктемесін алады. Төбе салқын шатырасты «Пэноплэкс» бума жабынды материалмен жылытылып, төбеден жаңбыр, қар суларын ағызу үшін еңістеуші материал ретінде керамзитбетонды қолданады. Сыртқы қабырға «Экотон» газоблоктарымен толтырылып жылытқыштармен жылытылып сыланады.

Шеткі ұстындардың адымы 6,5 метрлік, ал ортаңғылары – 3,6 метрлі деп алынды. Ұстындар өлшемі жер төле қабаты бойында 500x500мм, бірінші қабаттан бастап 400x400 мм. Қатаңдық диафрагмасының қалыңдығы 300 мм.

#### **Іргетастар**

Негіздер мен іргетастардың жобалауын олардың жобалық шешімдеріне әсер ететін себепшарттарды сараптаудан бастайды. Ғимараттың жер үстіндегі құралымдары, іргетастары және негіздері бір жүйеде жұмыс істейді, бұл құралымдар өзара әрекеттеседі. Негіздің сығылғыштығы әркелкі шөгу туғызса, іргетастарда, жер үстіндегі құралымдарда қосымша кернеулер пайда болады. Айтылған қосымша кернеулердің деңгейі жер үстіндегі құралымдардың ерекшеліктерімен байланысты.

Әртүрлі ғимараттардың (құралымдық ерекшеліктерін және жүйеде жұмыс істеуін, дәлірек айтсақ ғимараттың қатқылдылығын, құралымдарының бір-бірімен байланысын сараптау нәтижесінде) негіздерінің деформацияларының шектеулік мәндері 5.01-01-2002 ҚР ҚНЖЕ-нің 4-ші қосымшасында, 5.0-01-2002 МЕЖ-ның 6-шы қосымшасында келтірілген.

ҚР ҚНЖЕ 5.01-01-02 4-қосымшасына сәйкес ғимарат іргетасының отыру шегі  $s = 1,3$  м, ал салыстырмалы отыруы ( $\Delta s/L$ ) 0,006.

Іргетастың табанының орналасу тереңдігін тағайындаған кезде мына жағдайларды ескере отырып жүзеге асырамыз. Біріншісі құрылыс алаңы орналасқан жердің жылдық маусымдық, нормативтік тоңу тереңдігіне байланысты. Ол бізде  $d_{fn} = 1,6$  м-ді құрайды. Жер асты суларының деңгейі 5,2 м. Топырақтың есептік тоңу тереңдігі

$$d_f = k_n \cdot d_{fn} \quad (1.1)$$

мұндағы:  $k_n$  – үйдің жылу режимінің сыртқы іргетастардың астында орналасқан топырақтарға тигізетін әсерін ескеретін коэффициент. Біз оны ҚР 5,01-01-2002 ҚНЖЕ –нің 1 – кестесі бойынша алынады.  $k_n = 0.65$ ;

$$d_f = 1,6 \cdot 0,65 = 1,04$$

Тоңу мерзіміндегі шегінен жер асты суларының деңгейінен ара қашықтық:

$$H_c - d_f = 5.2 - 1.04 = 4.16$$

Қадалы іргетасты жобалау:

Қабырғаның жүктемесі берілетін қаданың түрін, құралымын және өлшемдерін тағайындайық, егер инженерлік-геологиялық жағдайы кейінгідей болса:

1-ші қабат –  $C = 14$  КПа,  $j = 16^\circ$ ,  $r = 1,62$  г/см<sup>3</sup>,  $E = 2,5$  МПа қалыңдығы 1,8 - 2,0 м тығыз иілгіш саз;

2-ші қабат –  $C = 16$  КПа,  $j = 17^\circ$ ,  $r = 1,85$  г/см<sup>3</sup>,  $E = 3,5$  МПа, қалыңдығы 7,90 м жұмсақ иілгіш саздақ;

3-ші қабат –  $R = 350$  КПа,  $r = 1,96$  г/см<sup>3</sup>,  $E = 15$  МПа, қалыңдығы 2,5 м қоңыр түстес құм;

4-ші қабат –  $C = 23$  КПа,  $j = 18^\circ$ ,  $r = 1,80$  г/см<sup>3</sup>,  $E = 9,0$  МПа, қалыңдығы 9,00 м ашық сұр түстес саздақ.

Жерасты сулары деңгейі 1,65-3,10 метр тереңдікте, абсолютті деңгейлері 340,15-340,90 метрде анықталды.

Қабырға көтеруші элемент, құрылыс алаңы тың жерде болғандықтан есепке алып қағылмалы призмалық темірбетон қаданы алайық. Қаданың ұзындығын барлық осал топырақтар қабаттарынан өтіп, сенімдірек топыраққа қаралуынан аламыз.

Ростверктің орналасу тереңдігін тағайындау топырақты көтеруші қабатын және қадалардың құрылма таңдау.

Құрылымалық себептерді еске алып ростверктің орналасу тереңдігін  $d_r = 0,4$  м тағайындаймыз. Ростверктің жотасы топырақтың бетінен төмен жасап 0,15 м (іргетастың арқалығын орналастыру үшін), ростверктің биіктігін 0,25 м деп аламыз. Сонымен  $d_r < d_f$ ; инженерлік-геологиялық жағдайды сараптасақ көтеруші қабат деп сазды тағайындағанымыз орынды болуға тиісті. Қаданың ростверкке батырылу тереңдігі  $\Delta_r = 0,05$  м, көтеруші топырақ қабатына  $h_z = 2,45$  м. Қаданың ұзындығын есептейік:

$$L = \Delta_z + \sum h_{gi} + h_z = 0,05 + (0,9 + 4,4) + 2,45 = 7,8 \text{ м}$$

мұндағы:  $\sum h_{gi}$  – қаданың тесіп өтетін топырақ қабаттарының қалыңдығы;

$\Delta_z = 0,05$  м – сығылуға жұмыс істеуші қаданың ростверкке кіру мөлшері;


$h_{gi}$  - сенімді топырақ қабаттарынан жоғары орналасқан осал топырақ қабаттарының қалыңдықтары, м;

$h_z$ - көтеруші топырақ қабатына қаданың батырылу мөлшері, м.

Қадаларды соғып батыруға мүмкіндік бар екендігінен және іргетасқа берілетін жүктемелер біраз болғандықтан, қаданың көлденең қимасының өлшемдерін 40x40 см тең деп аламыз. Қаданың маркасы С8-40, бетонының класы В25, жұмыстық арматурасы 4Ø12, А-І класы.

$\gamma_c = 1$  ( $d = 0,3 \text{ м} > 0,2 \text{ м}$ );

$\varphi = 1$  - ростверк төмен орналасқан;



Сурет 1.2–Қадалы іргетастың схемасы(геология)

$\gamma_{св} = 1$  – қағылмалы қада болғандықтан;

$R_b = 8500 \text{ кПа}$  (В15 класты бетон үшін);

$R_{sc} = 225000 \text{ кПа}$  (А-І класты арматура үшін);

Ростверктің салмағын жуықтап анықтайық және қадалардың санын есептейік.

$$A_b = 0,3 \cdot 0,3 = 0,09 \text{ м}^2;$$

$$R(\text{кҰМ})=350\text{тс/м}^2$$

Топырақ бүйірлік есептік қарсыласуын табамыз;

$$l_1=2+1.5/2=2.75\text{м} \quad l_4=2+4.4+1.2/2=7\text{м}$$

$$l_2=2+1.5+1.5/2=4.25\text{м} \quad l_5=2+4.4+1.2=8.225\text{м}$$

$$l_3=2+1.5+1.5+1.4/2=5.7\text{м}$$

$$f_1=4.65\text{тс/м}^2 \quad f_4=6.0\text{тс/м}^2$$

$$f_2=5.375\text{тс/м}^2 \quad f_5=6.24\text{тс/м}^2$$

$$f_3=5.74\text{тс/м}^2$$

Қадалар көтеру қабілеттілігін анықтаймыз:

$$F_{Rm} = \gamma_c \varphi (\gamma_{св} \gamma_{св} R_b A_b + R_{sc} A_s) \quad (1.2)$$

$$= 1 \cdot 1.2 (350 \cdot 0,09) + 1.21 (2.77 \cdot 2 + 1.07 \cdot 2 + 1.2 \cdot 2 + 6.17 \cdot 1.85) 1.2 (5.54 + 2.14 + 2.4 + 12.41) = 647.8 \text{кН}$$

$A_g$  – ростверктің табанының ауданы:

$$N_g = \gamma_f A_g \gamma_{sp} d_g = 1,1 \cdot 1,87 \cdot 20 \cdot 0,4 = 16,5 \text{кН}$$

$\gamma_{sp}$  – төлесіз ғимараттың ростверкпен оның сатыларындағы топырақтың меншікті салмағының орташа мәні;

$N_g$  - ростверкпен оның сатыларындағы топырақтың жуықтап алынған салмағы.

Қадалардың санын есептейік:

$$n_p = \frac{\eta_M (N_{01} + N_g)}{F_R} = \frac{1.4 \cdot 1200}{647.8} = 4 \text{ қада}$$

мұндағы


$$\eta_M = 1 (\text{ортадан түсетін жүктеме үшін}).$$

Қадалардың санын 4 деп алайық. Қада есебі алдын-ала ПК Лира жасалынған есептік моделден әр қадаға түсетін ең аз көлденен күш алынып есептелінді.

### Сыртқы және ішкі қабырғалар

Сыртқы қабырғалар кірпіштен жасалған. Газоблок кірпіші МЕМСТ379-79 бойынша тағайындалған. Өлшемі 200x400x200мм. Қабырғаның қалыңдығы 320 мм. Ол есептік температурасы -32 градус аудандар үшін бөлмелерде қалыпты температуралық – ылғалды режимді қамтамасыз етеді. Ал ғимарат сыртын өлшемі 600x600 мм керамогранитті тақталарымен қаптайды. Қолданылатын жылытқыш – қалыңдығы 120 мм «Пенополистирол»  $\rho=150 \text{ кг/м}^3$ . Ішкі қабырғалар кірпіштен жасалған 120мм және 100мм қалыңдықты бөлме бөлгіш гипсокартоннан тұрады. Ауадағы шудан қалыпты дыбыс изоляциялық деңгейді қамтамасыз етеді.

Қоршаушы конструкцияны дұрыс эксплуатациялау қоғамдық және соған ұқсас бөлмелерді тұрақты температуралық режимде қамтамасыз етеді.



Сурет 1.3– Сыртқы қабырға көрінісі

### Ғимаратты инженерлік жабдықтау

#### Жалпы көрсеткіштер

Су мен канализацияның сыртқы жобалық жүйелері ҚР ҚНЖЕ 4.01-41-2006, ҚНЖЕ 2.04.03-85, ҚНЖЕ 3.05.04-85\*, ҚНЖЕ 4.01-02-2001 талаптарына сәйкес орындалады.

#### Сумен қамтамасыз ету

Сумен қамтамасыз етуді бар су жүйелерінен жүзеге асыру керек. Жоба бойынша МЕМСТ 9.602-89 бойынша фасондық бөліктердің сыртқы гидроизоляциясы мен ішкі антикоррозиялық жабынуы қарастырылған. Су құбырларының дөңгелек құдықтары жиналмалы темірбетон элементтерінен т.қосым.901-09-11.84 бойынша, типі- ылғалды жерлер үшін. Құдықтардың сыртқы қабаты суық битум негізіне 2 текше рет ыстық битуммен жабылады, жер асты суларының тереңдігіне 500 мм жоғары. Жабын қалыңдығы 3мм. Құдықтардың жиналмалы темірбетон элементтері сульфаттұрақты цементтен жасалынады.

## **Электр тоғымен жабдықтау және электр құралдары**

Ғимараттың электротехникалық құралдары мен қорғау шекарасы Электр Қондырғыларын Орнату Ережесіне (ЭҚОЖ), ҚР ҚНЖЕ 2.04-05-2002 "Табиғи және жасанды жарықтандыру", ВСН 59-88 "Тұрғын және қоғамдық ғимараттарының электрожабдықтауы", РД 34.21.122-87 "Ғимараттар мен имараттардың найзағайдан қорғау құрылғысы жөніндегі нұсқау" талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Электр тоғымен жабдықтау сенімділігінің дәрежесі бойынша, ғимараттың электр қабылдағыштары ЭОЖ бойынша 2-ші дәрежеге келтіріледі. Байланыс құралдары, хабарлау, күзет теледидары мен жарықтандыру тұтынудың 1-ші дәрежесіне келтіріледі.

Бұған қоса технологиялық қордың бары да ескеріледі, ЕЭТ құралдарының автономды және тәулік бойы жұмыс істеуі. Ғимаратта жұмыс (технологиялық) нұсқасының, қарсыласуы 4 Ом-нан кем емес жерге қосуы қарастырылған. администрацияда, кеңселерде дербес компьютерлерді және т.б. құрылғыларды жұмыс орындарында жалғау үшін электрлі үш-полюсті розеткалардың, сонымен қатар жергілікті жарықты қосу үшін кәдімгі электрлі розеткалардың орнатылуы қарастырылған.

## **Өртқауіпсіздігі шаралары**

Конструкциялардың өрт төзімділігі МЕМСТ 30247 сәйкес. Кешеннен эвакуациялық шығу орындары бөлек шешілген.

Эвакуациялық шығу жолдарының есіктері ғимараттан шығу жолының бағытына ашылады.

Барлық металлдық конструкциялар мен бұйымдарды өрттөзімді құрамдармен өңдеу қажет.

Өрт сөндіру бөлімдерінің қызмет көрсету радиусы Орталықтың ара қашықтығын, ВСН 2-85 анықталғандай жоғарлатпайды.

2-ші типті өртке қарсы қабырғалармен немесе 1-ші типті қабыршаларымен, сонымен қатар 3-ші типті жабындармен келесі бөлмелер мен бөлмелер тобын бөлу керек:

- мұрағаттар бөлмелері;
- шеберханалар бөлмелері (электротехникалық қоса) және жануға бейімді заттар сақталатын шаруашылық салымдары.
- дыбыстық хабарлау (жарық-дыбыстық хабарлауыштар);
- жарықтық хабарлау (қозғалыс бағытының жарықты табло-бағдарлары мен "ШЫҒУ" таблосы);
- дыбыстық хабарлаулар.

Ғимараттың қасбетінің бас кіру орындарының үстінде, еден деңгейінен 1,8-2 м биіктікте Маяк-12 КП типті жарықты-дыбысты дабылдағыш қондырғылар орналастырылады.

Барлық қабаттарда МЕМСТ 12.4.028-76-ке сәйкес саты алаңшаларына шығу жолдарында жарықты "ШЫҒУ" бағдарларын және өрт кезінде қозғалу бағдарларын орналастыру қажет.



Дыбысты хабарлауды ҚР ҚНЖЕ 2.02.-05-2002 "Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі, 9 қосымша" сәйкес жасалуы керек.

Дыбысты хабарлауды мамандырылған хабарлау жүйесі Inter-M (Кәріс фирмасының құрылғысы) орындау қажет.

Авариялық түтінге қарсы ауа желдетуі ҚНЖЕ 2.04.05-91\*, ВСН 01-89, МГСН 4.04-94, МГСН 5.01-94, ВВП 001-95 талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

Өрт кезіндегі ауа тарту желдеткіші қарастырылған.

### Сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі

Сыртқы ғимараттың қабырғасының жылутехникалық есебі ҚНЖЕ 23-01-99 «Құрылыс климатологиясы» және ҚНЖЕ II-3-79 «Құрылыстық жылутехникасы» сәйкес орындалады.

Кесте 1.5 - Материалдың сипаттамасы

№	Материал	Материалдың сипаттамасы	
		Тығыздығы $\gamma_0$ , кг/м <sup>3</sup>	Жылуөткізгіш коэффициенті $\lambda$ , Вт/м*°С
1	Цементті-құмды ерітінді -20 мм	1800	0,76
2	Газоблок кірпіш (МЕМСТ379-79) - 200 мм	1000	0,52
3	Көбіктіпенополистирол(МЕМСТ15588-70)- 120 мм	-	0,052
5	Керамогранитті тақта – 12 мм	1600	0,58

ҚНЖЕ II-3-79 қосымша 1 бойынша қаланың ылғалдылық аймағын анықтап аламыз. Астана қаласы – құрғақ аймаққа жатады.

–  $t_b$  – ішкі ауаның есепті температурасы ҚНЖЕ2.08.02-89\* 19-шы кесте бойынша тағайындаймыз +20 °.

–  $t_n$  – сыртқы ауаның есептік қыс мезгіліндегі температурасы, ең суық бес күндіктің орташа температурасы -32°-қа тең (0,92).

–  $n$  – сыртқы ауаға қарағандағы қоршаушы құралымдарды сыртқы бетінің жағдайларына байланысты коэффициентін ҚНЖЕ II-3-79 (3 кесте)-нің сыртқы қабырға бойынша  $n=1$  қабылданады.

–  $\Delta t^n$  – ішкі ауаның температурасы және қоршаушы құралымдардың ішкі бетінің температурасы арасындағы нормативтік және температуралық құлама 4,5°.

–  $\alpha_b$  - қоршаушы құралымның ішкі беттік жылу беру коэффициенті ҚНЖЕ 23-02-2003 Құрылыс жылутехникасы (7-ші кесте) бойынша бойынша қабылданады және  $\alpha_b = 8,7$  Вт/м<sup>2</sup>\*°С тең деп қабылданады.

Көп қабатты сыртқы қабырғаның қыздыру кедергісінің есептеу мына(5151) формула бойынша анықтаймыз

$$R_0^{TP} = \frac{n \cdot (t_B - t_H)}{\alpha_B \cdot \Delta t^H}$$

$$R_0^{TP} = \frac{1 \cdot (20 + 33)}{4,5 \cdot 8,7} = 1,35 \text{ (м}^2 \cdot \text{°C) / Вт}$$

Жылытқыш мерзімнің градус-тәулік анықтаймыз:

$$\text{ЖКТГ} = (t_B - t_{OT.PEP.}) \times Z_{OT.PEP.},$$

$$\text{ЖКТГ} = (20 - (-8,1)) \cdot 215 = 6041,5 \text{ °C} \cdot \text{тәулік}$$

мұндағы

$t_{OT.PEP.}$  - орташа температура, ауаның орташа тәуліктік температурасы ҚНЖЕ 23-01-99 бойынша  $-8,1 \text{ °C}$ .

$Z_{OT.PEP.}$  - ұзақтық, орташа температура, ауаның орташа тәуліктік температурасы ҚНЖЕ 23-01-99 бойынша 215 тәулік.

$R_0^{TP}$  жылу беруіне келтірілген кедергіні ҚНЖЕ II-3-79\* (1 б\*-шы кесте) талаптарының шарттары бойынша анықтаймыз.

$\text{ЖКТГ} = 6041,5 \text{ °C} \cdot \text{тәул.}$  мәніне сәйкес кестеден қабырғалар үшін интерполяциялық есеп арқылы  $R_0^{TP} = 2,815 \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{°C}$  екенін анықтап аламыз.

Қоршаушы құралымдарының жылу беруіне кедергі мәндерінен  $R_0^{TP}$  бұрын есептелген ең үлкен мәнін қабылдаймыз:

$$R_0^{TP} = 1,35 < R_0^{TP} = 3,012, \text{ сонда } R_0^{TP} = 3,012 \text{ (м}^2 \cdot \text{°C) / Вт} = R_0$$

Енді, жылытқыштың қалыңдығын мына формула бойынша анықтаймыз:

$$R_0 = 1/\alpha_H + \sum \delta_i/\lambda_i + \delta_x/\lambda_x + 1/\alpha_B = R_0$$

мұндағы

$\delta_i$  – есептік қабаттан басқа барлық қоршау қабаттарының қалыңдығы, м;

$\lambda_i$  – есептік қабаттан басқа барлық қоршау қабаттарының жылутехникалық коэффициенттері ҚНЖЕ II-3-79\* (қосымша 3, 1 -ші кесте) ;

$\delta_x$  – есептік қабат қалыңдығы, м;

$\lambda_x$  – есептік қабаттың жылутехникалық коэффициенті ҚНЖЕ II-3-79\* (қосымша 3, 1 -ші кесте);

$\alpha_B$  - қоршаушы құралымның ішкі беттік жылу беру коэффициенті ҚНЖЕ II-3-79\* (4\*-ші кесте) бойынша бойынша қабылданады және  $\alpha_B = 8,7 \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{°C}$  тең деп қабылданады;

$\alpha_H$  - қоршаушы құралымның (қыс мезгілі үшін) сыртқы беттік жылу беру коэффициенті ҚНЖЕ II-3-79\* (6-шы кесте) бойынша бойынша қабылданады және  $\alpha_H = 23 \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{°C}$  тең деп қабылданады.

Сонда

$$R_0 = 1/23 + 0,02/0,76 + 0,2/0,52 + 0,012/0,58 + \delta_x/0,052 + 1/8,7$$

Осы формуладан  $\delta_x$  ең кем дегендегі жылутехникалық қабаттың қалыңдығын табамыз:

$$\delta_x/0,052 = 0,043 + 0,02 + 0,3846 + 0,02 + 0,1149$$

$$\delta_x = 0,1119 \text{ м}$$

Сонымен жылытқыш (көбікті полистирол) қалыңдығын  $\delta_x = 0,12$  м деп қабылдаймыз.

Жылу берудегі нақты кедергіні анықтаймыз:

$$R_0 = 1/23 + (0,02/0,76 + 0,2/0,52 + 0,012/0,58 + 0,12/0,052) + 1/8,7$$

$$R_0 = 0,0434 + 0,026 + 0,3846 + 0,02 + 2,3 + 0,1149 = 2,896 \text{ (м}^2 \cdot \text{°C)/Вт}$$

$$R_0 = 3,012 \text{ (м}^2 \cdot \text{°C)/Вт} \geq R_0^{\text{тр}} = 2,896 \text{ (м}^2 \cdot \text{°C)/Вт}, \mathbf{R_0 \geq R_0^{\text{тр}}}$$
 шарты орындалады.

Шешім: Қалыңдығы 120 мм жылу оқшаулағыш (жылу өткізгіштік коэффициенті 0,052 көбікті полистирол жылытқыш) цементті-құмды ерітіндісіндегі қалыңдығы 200 мм газоблок кірпіштен қаланатын көтергіш сыртқы қабырға барлық шарттарға сәйкес келеді.

## 2 ЕСЕПТІК-ҚҰРЫЛЫМ БӨЛІМІ

### 2.1 Қада көтергіш қаблеттілігін анықтау

#### Топырақтар

ИГЭ-1. қара-сұр түсті саз, тығыз иілімді консистенциялы, есептік сипаттамасы:

$C = 14$  КПа,  $j = 16^\circ$ ,  $r = 1,62$  г/см<sup>3</sup>,  $E = 2,5$  МПа қабат қалыңдығы 1,8 м-ден 2,0 м-ге дейін;

ИГЭ-2. жасыл-сұр түсті саздақ, жеңіл иілімді консистенциялы, 3,00-3,20 м аралығында саз қабаты тығыз иілімді консистенциялы, 5,60 м тереңдіктен орташа құм есептік сипаттамасы:  $C = 16$  КПа,  $j = 17^\circ$ ,  $r = 1,85$  г/см<sup>3</sup>,  $E = 3,5$  МПа, қабат қалыңдығы 7,90 м;

ИГЭ-3. қоңыр түсті құм, қиыршық, суға қаныққан:  $R = 350$  КПа,  $r = 1,96$  г/см<sup>3</sup>,  $E = 15$  МПа, қабат қалыңдығы 2,5 м,

ИГЭ-4. ашық-сұр түсті саздақ, қатты консистенциялы, қызғылт түстес 12,00 м тереңдіктен бастап, есептік сипаттамасы:  $C = 23$  КПа,  $j = 18^\circ$ ,  $r = 1,80$  г/см<sup>3</sup>,  $E = 9,0$  МПа, қабат қалыңдығы 9,00 м-лік топырақтар қабылданды.

Жерасты сулары 1,65 - 3,10 м аралығында анықталды, анықталған су деңгейі абсолютті белгісі 340,15 - 340,90 м. Топырақ сулары маусымдық ауытқауларға ұшырап отырады.

### Қада көтергіш қаблеттілігін анықтау

Жертөлесі бар қоғамдық ғимарат үшін өлшемі 40x40 см болатын қада қажетті ұзындығын анықтаймыз. Инженерлік-геологиялық қима бойынша (қара сурет-2.) қиыршық құм негіз топырағы ретінде тандалынып алынды, қиыршық құмдар үшін қаданы кем дегенде бір метр еңгізіледі. Қадамен іргетас байланысын қатаң қылу мақсатында іргетас денесіне 35 см еңгізіледі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып қада ұзындығын;

$$L_{mp} = l_o + l_p + l_{nn}. \quad (2.5)$$

$$L_{mp} = l_o + l_p + l_{nn} = 5,35 + 2,30 + 0,3 = 7,95 \text{ м.}$$

Гост 1980.1-79 (кесте П.3) бойынша қағымалы С 8-40-шы өлшемі 40x40 см қада түрін тандап алдым. Соған қармастан қаданы ілінбелі ретінде қарастырамыз. Оны дизель балғамен еңгіземіз.

Қада көтергіштік қаблеттілігін ҚНЖЕ 2.02.03-85(3) бойынша негіз топырағының бүйір бетімен ұшы есептік қарсыласуы қосындысы ретінде анықталады.

$$F_d = \gamma_c (\gamma_{cR} RA + u \sum \gamma_{cf} f_i h_i). \quad (2.6)$$


мұндағы:  $\gamma_c$  -қаданың топырақта жұмыс істеу коэффициенті,  $\gamma_c = 1$  етіп қабылдаймыз;

$\gamma_{cr}\gamma_{cf}$  =сәйкесінше қада бүір беті мен ұшы жұмыс істеу коэффициенті, дизель балғамен еңгізетін қадалар үшін  $\gamma_{cr}\gamma_{cf} = 1,2$  ге тең;

A-қада негізге тірелу ауданы. Біздің жағдайда  $A=0,3 \cdot 0,3=0,09\text{м}^2$ ;

u-қада қимасы периметрі;

$u=0,3 \cdot 4=1,2\text{м}$ ;



Сурет 2.1– Қажетті қада ұзындығын анықтау схемасы

R-қада ұшындағы негіз есептік қарсыласуы(қосымша- 1)

$f_i$ - i-ші қабат бүйірлік есептік негіз қарсыласуы(қосымша- 2)

$h_i$ -бүйірлік бетпен шектесетін i-ші қабат қалыңдығы,м.

Кесте бойынша  $R=350 \text{ тс/м}^2$ ,

$L_1=2+1,5/2=2,75 \text{ м}$   $f_1=4,65 \text{ тс/м}^2$

$L_2=2+1,5+1,5/2=4,25 \text{ м}$   $f_2=5,375 \text{ тс/м}^2$

$$L_3=2+1,5+1,5+1,4/2=5,7 \text{ м } f_3=5,74 \text{ тс/м}^2$$

$$L_4=2+4,4+1,2/2=7 \text{ м } f_4=6 \text{ тс/м}^2$$

$$L_5=2+4,4+1,2+1,1/2=8,15 \text{ м } f_5=6,24 \text{ тс/м}^2$$

Қада көтергішітк қабілеттілігін аңықтаймыз;

$$F_d=1,0 \cdot (1,2 \cdot 350 \cdot 0,09 + 1,2 \cdot 1,0 (4,65 \cdot 1,5 + 5,375 \cdot 1,5 + 5,74 \cdot 1,5 + 6,0 \cdot 1,2 + 6,24 \cdot 1,14)) = 64,78 \text{ тс/м}^2$$

$$P_{св} = F_d / y_k \quad (2.7)$$

мұндағы:  $P_{св}$  - бір қадаға ұйғарымды жүктеме;

$y_k$  - сенімділік коэффициенті.

$$P_{св} = 64,78 / 1,4 = 46,27 \text{ тс/м}^2$$

### **3 ҚҰРЫЛЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ БӨЛІМІ**

#### **Құрылыс технологиясы және оны ұйымдастыру**

Құрылыс өндірісін ұйымдастыру нысан әрекетіндегі қажетті көлем мен орнатылған мерзім енгізу жоспарының пайдалы нәтижелеріне қол жеткізуде барлық ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық шешімдерді қамтамасыз етуі тиіс.

Құрылыс өндірісін ұйымдастыру бойынша негізгі нормативті құжат ҚНЖЕ 301.01-2002 «Құрылыс өндірісін ұйымдастыру» болып табылады. Ережелері бар кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды, халық шаруашылығындағы барлық сала құрылыстарын қайта құрудағы жаңа кеңейтулер құрылыс кезінде құрылыс өндірісін ұйымдастыру бойынша таралады. Оперативті – диспетчерлік басқару, ҚЖЖ (СМР) өнімі сапасын бақылау, негізгі табиғи-климаттық жағдайларды есепке алу, қоршаған ортаны қорғау жағдайлары.

Құрылысты ұйымдастыру жобасы материалдық және басқа да ресурстардың өз шығынымен өндірістік қуаттылықтар мен нысандарды дер кезінде әрекетке енгізуді қамтамасыз ету мақсатымен жасалады.

Жұмыс өндірісі жобасы құрылыс өндірісін ұйымдастыру, олардың өзіндік құны мен еңбек сыйымдылығына мүмкіндік беретін ҚЖЖ орындаудың барынша нәтижелі тәсілдерін анықтау, жұмыс құрылысының созылымдылығын қысқарту, ҚЖЖ пайдалану нәтижелілігін жоғарлату, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамсыз ету мақсатында жасалады.

Жұмыс өндірісі жобасын жасау үшін оны тапсырыс берушімен берілген өңдеуге тапсыру болып табылады.

Жұмыс өндірісі жобасы шаруашылық есеп негізінде бригадалық тәртіпті жаппай тарату, құрылыс өндірісін ұйымдасушының ілгерілемелі әдістерін қолдануды ескерумен жасалады.

Құрылыстың күнтізбелік жоспары кешенді ірілендірілген желілік кесте мен құрылыстың кез-келген моделі, құрылыс мерзімі, қосалқы ғимараттар мен құрылыстар, технологиялық құрылыстар мерзімі негізінде құрылыстың тұтас кезеңінде орнатылады.

Құрама құралымдарды құрастырудың кешенді процесіне кіретіндер: элементтерді көтеруге дайындау, ірілендіру; көтеру орнына жеткізу; элементтерді ілмектеу және қосымша тетіктер және құрылғылармен жабдықтау (және де кейбір жағдайларда қаттылық элементтерімен де) көтеру; уақытша бекіту; жобалық жағдайда элементтерді дәлдеу және ақтық бекіту. Құралым элементтерін құрастыруының барлық осы жүйелі процестері жұмыс өндірісінің жобасында есепке алынуы керек немесе мысалы, құрастырылатын элементтер объектіде ірілендірілген жағдайда, ірілендіру бойынша жұмыстар есепке алынуы керек.

Құрастыру жұмыстары жобасының құрамына негізгі және қосалқы жұмыстар кіреді. Көп жағдайларда анау не мынау қосалқы жұмыстардың болуы

негізгі жұмыстар өндірісінің қабылданған тәсіліне байланысты болады. Мысалы, егер ұстындарды құрастырғанда кондуктор пайдаланса, онда оларды орнату және ауыстырып қою бойынша қосалқы жұмыстар есепке алынады.

Негізгі және қосалқы жұмыстар біржолата құрастыру жұмыстарының тәсілін анықтаған соң ғана және олардың құрамы БМБ баптарына сәйкес не басқа да мөлшерлік әдебиеттерімен жете танысқан соң ғана анықталады.

Алдымен осы не басқа құрастырылатын элементтердің санын, олардың құрастырғыш салмағын және габариттерін анықтап, негізгі құрастыру жұмыстарының көлемі анықталады. Сонан соң қосалқы жұмыстардың көлемі белгіленеді. Оларға кондукторларды орнату және ауыстыру, анкер бекіткіштерін құру, қоршаулар орнату және т.б. жатады. Қосалқы жұмыстардың көлемдерін анықтағанда назар аудару керек, олар элемент құрастыру мөлшеріне кіретін жұмыс құрамында есепке алынған жоқпа екендігінде.

Өздігінше топты салынатын элементтерді пісіру және коррозияға қарсы қорғау, түйістерді бекіту және бетондау, жіктерді әшекейлеу, құрастырылған құралымдарды тұрақты бекіту бойынша, егер осы жұмыстар кешенді бригадамен орындалмаса, жұмыстар көлемін құрайды.

Егер де өзі жүрмейтін құрастырғыш механизмдер пайдаланған жағдайда да осындай механизмдерді қайта ауыстыру, орнату және ажырату бойынша жұмыстар көлемі есепке алынуы керек.

### **3.1 Бетондық жұмыстар, қысқы бетон күтімі технологиялық картасы**

Технологиялық карта да қысқы уақытта бетонды электржылыту арқылы күтімін қарастырады .

Электржылыту автомобиль қорабында арнайы құрылғылар арқылы жүзеге асырылады. Бетонды электр тоғы арқылы 380 кернеумен 400-600 амп. қуат көзінде 8-10 минут температурасы  $t = 60-70^{\circ}\text{C}$ . жеткенше қыздырады. Бетонды қыздыру шарттары құрылым ауқымы мен (беттік модуль  $M_p$ ) сипатталады.

Беттік модуль – бұл беттік ауданның құрылым көлеміне қатынасы.

$$M_p = F_{M2} / Y_{M3} \quad (3.1)$$

мұндағы


$F_{M2}$  – бетон бетті ауданы;

$Y_{M3}$  – бетон көлемі.

Беттік модульді анықтауды тездету үшін төмендегі формулыларды қолдануға болады. Беттік модуліне байланысты құрылымдарды төмендегідей бөліп қарастыруға болады :

- а) ауқымды массивные  $M_p$  6-ға дейін ;
- б) орташа ауқымды  $M_p$  6-дан 10-ға дейін ;
- в) кіші  $C$





Сурет 3.1–Құрылым беттік модулі

**Кесте 3.1 - Типтік қабат күнтізбелік жоспары**

Жұмыс атауы	Өлш. бірл.	Жұмыс көлемі	Звено құрамы. Маман-дыңы мен разряды	адам/са Ғ	маш/са Ғ	Ауысым саны	Жұмыс күні саны
Өзі түсіргіш автомобильде рге тиіу арқылы экскаватормен топырақты өндеу (V=1,25 м3)	1000м <sup>3</sup>	3010	Маш.бразряд-1 Маш.көмекшісі		40,9	2	3
Топырақты нығыздап колмен өндеу	100 м <sup>3</sup>	247	Жер қазушы 4разряд-5 Жер қазушы 2разряд-5	110,09		2	1,5
Топырақты қайта көму	100 м <sup>3</sup>	320	Маш.бразряд-1 Маш.көмекшісі-1		1,1	2	0,5
Қадаларды орнату Қада ұрғыш КН-2-12	1м <sup>3</sup>	296,6	Маш.бразряд-1 Маш.көмекшісі-1		4,69	2	19
Бетондық дайындық жұмысы	100 м <sup>2</sup>	260,1	Бетоншы1 разр.3-1 Бетоншы1 разр.2-1	180		2	2

Іргетас жұмыстары	100 м3	146,6	Бетоншы 5 разр.-1 Бетоншы 3 разр.-1 Ар-шы 5разр.-1 Ар-шы 4разр.-1	610,06		2	11,5
Гидрооқшаулау	100 м2	502,06	Майлаушы 4разр.-1 Майлаушы 2разр.-1	1,45		2	1
Ұстын орналастыру периметрі 2м-ге дейін	100 м3	18,3	Бетоншы 4разр.-1 Бетоншы 3 разр.-1 Ар-шы 4разр.-1 Ар-шы 2разр.-1	1319		3	3,5
Қабырғаларды орналастыру қалыңдығы 320 мм, биіктігі 6 м-ге дейін	100 м3	27,36	Бетоншы 4разр.-1 Бетоншы 3 разр.-1 Ар-шы 4разр.-1 Ар-шы 2разр.-1	951,3		3	3,5
Қырлы аражабын орналастыру	100 м3	292	Бетоншы 4разр.-1 Бетоншы 3 разр.-1 Ар-шы 4разр.-1 Ар-шы 2разр.-1	1534		3	14,5
Біртұтас дәліз орналастыру	1 метр марш	130	Монтаждаушы 4р.-1 Монтаждаушы 2р.-1	1,8	0,4	3	1,0
Қабырғаларды кірпіштен қалау	100 м2	312	Тас қалаушы 5р.-1 Тас қалаушы 3р.-1	672,6	22,92	3	8
Гипсокартон бөлме бөлгіш қабырғаларды монтаждау	1 м3	4026	Монтаждаушы 4р.-1 Монтаждаушы 3р.-1	0,32	0,07	3	1,5

Есік ,терезе блоктарын орнату	100 м2	51,02	Маш.5р.-1 Монтаждауш ы 3р.-1	12,4	6,2	3	7
Басқада әрлеу жұмыстары							30
Ұстын орналастыру периметрі 2м- ге дейін	100 м3	33,28	Бетоншы 4разр.-1 Бетоншы 3 разр.-1 Ар-шы 4разр.- 1 Ар-шы 2разр.- 1	1319		2	5,5
Қабырғалард ы орналастыру қалыңдығы 300 мм, биіктігі 6 м-ге дейін	100 м3	52,5	Бетоншы 4разр.-1 Бетоншы 3 разр.-1 Ар-шы 4разр.- 1 Ар-шы 2разр.- 1	951,3		2	5,5
Қырлы аражабын орналастыру	100 м3	292	Бетоншы 4разр.-1 Бетоншы 3 разр.-1 Ар-шы 4разр.- 1 Ар-шы 2разр.- 1	1534		2	12,5
Біртұтас дәліз орналастыру	1 метр марш	156	Монтаждауш ы 4р.-1 Монтаждауш ы 2р.-1	1,8	0,4	3	1,5
Қабырғалард ы кірпіштен қалау	100 м2	394	Тас қалаушы 5р.-1 Тас қалаушы 3р.-1	672,6	22,92	3	11
Гипсокартон бөлме бөлгіш қабырғалард ы монтаждау	1 м3	4810	Монтаждауш ы 4р.-1 Монтаждауш ы 3р.-1	0,32	0,07	3	2
Есік ,терезе блоктарын орнату	100 м2	63,78	Маш.5р.-1 Монтаждауш ы 3р.-1	12,4	6,2	3	11
Басқада әрлеу жұмыстары							30

### 3.2 Көлемді- жоспарлы шешімдердің ТЭЖ-і

Жоба климаттық ІВ ауданында, сыртқы ауа температурасының есептік көрсеткіші -36 С болатын құрылыс үшін жасалды.

Қар жамылғысының салмағы - 1 кПа;

Жел ырғағының жылдамдылығы- 0.38 кПа;

Ылғалдылық аймағы – 3;

Ғимараттың жалпы көлемі – 34550 м<sup>3</sup>

Ғимарат ауданы – 1382 м<sup>2</sup>

Құрылыс ауданы – 9756 м<sup>2</sup>

### 3.3 Құрылыстың бас жоспары

Ішінде негізгі жинақтау және жүк көтеретін механизмдердің құрылыс кезеңінде салынып пайдаланатынын уақытша үймереттер мен ғимараттардың жабдықтардың орналастыруы көрсетілген құрылыс алаңының жоспары құрылыстың бас жоспары деп саналады.

Ол құрылыс шаруашылығы объектілерінің құрамын анықтау үшін пайдаланады. Бас жоспарды құрылыс мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз етудің жолдары мұқият қарастырылады. Ол техникалық құжаттардың өте маңызды құрамды бөлігі және алаңды ұйымдастыру мен уақытша құрылыс көлемін реттейтін негізгі құжат болып есептеледі.

### Уақытша үймереттер мен ғимараттар есебі

Жұмысшылардың жоғарғы өнімді істейтін және олардың жағдайын жасау үшін уақытша үймереттер мен ғимараттар қарастырылады, олар көшпелі вагондар ретінде болады. Уақытша үймереттер мен ғимараттар аудандарын анықтау үшін алаңда жұмыс істейтін жұмысшылардың максимальді саны және бір адамға тиісті мөлшерлі ауданы алынады.

Жұмысшылардың саны мына формуламен алынады.

$$N_{\text{жол}} = (N_{\text{итж}} + N_{\text{жұм}} + N_{\text{кыз}} + N_{\text{кк}}) * K \quad (3.2)$$

мұндағы:  $N_{\text{итж}}$  – инженер – техникалық жұмысшылар саны;

$N_{\text{жұм}}$  – сеттік кестеден алынатын жұмысшылар саны (жұмысшылар қозғаласының графигінен);

$N_{\text{кыз}}$  – қызметкерлер саны;

$N_{\text{кк}}$  - кіші қызметкерлер мен қарауылдар саны;

$K$  - жұмыскерлердің ауырып қалуына байланысты коэффициент  $K=1,05$ ;

$N=2963/85=35$  адам 1% 0,35 құрайды

$N_{\text{итж}} = 0,35 * 8 = 3$  адам

$N_{\text{кыз}} = 0,35 * 5,0 = 2$  адам

$N_{\text{кк}} = 0,35 * 2,0 = 1$  адам

$N_{\text{жол}} = (35 + 3 + 2 + 1) * 1,05 = 43$  адам

Осыған байланысты уақытша үймереттер мен ғимараттардың ауданын анықтаймыз.

Кесте 3.2 - Уақытша үймереттер мен ғимараттардың ауданын

Аталуы	өлшем бірлігі	Мөлшерлі пайдалану	Адам саны	Пайдалану ауданы
Кеңсе	м <sup>2</sup> /ад	5 м <sup>2</sup> /ад	3	15
Спорткешен залы	м <sup>2</sup> /ад	0,75	43	32,25
Шаруашылық бөлме				
а) гардероб	м <sup>2</sup> /ад	0,5-0,6	43	21,5
б) душ	тор/ад	0,2	43	8,6
в) жуынатын орын	кран/ад	0,05	43	2,15
г) кептіру орны	м <sup>2</sup> /ад	0,2	43	8,6
д) әжетхана				
- әйелдерге	м <sup>2</sup> /ад	0,14	43	6,02
-еркектерге	м <sup>2</sup> /ад	0,07	43	3,01
Жылыту бөлмесі	м <sup>2</sup> /ад	0,1	43	4,3
Дәмхана (столовая)	м <sup>2</sup> /ад	1,0	43	43
Тамақ ішу орны	ыд.жуу/ад м <sup>2</sup> /ад	0,25 0,25	43 43	10,75 11,5
Емхана	ыд.жуу/ад м <sup>2</sup> /ад	7,2	-	7,2
Диспетчерская	м <sup>2</sup> /ад	7	43	301

Қоймадағы материалдардың жалпы қоры мына формуламен есептеледі:

$$Q_{\text{кор}} = \frac{Q_{,jk}}{T_0 \cdot \alpha \cdot n \cdot k}; \quad (3.3)$$

мұндағы

Q – материалдардың жалпы саны құрылысқа қажетті;

T - есептік кезеңнің ұзақтығы сеттік кестеден қабылданады;

$\alpha$  – қоймаға түсетін материалдардың бір қалыпты түспеуі коэффициенті  $\alpha=1,1$ ;

n – материалдың артық мөлшері;

k – материалдың бірқалыпты қолдану коэффициенті  $k=1,3$ .

Жинақтау ауданы мына формуламен анықталады:

$$F = \frac{Q_3}{q} \quad (3.4)$$

мұндағы:

Q – материалдар саны қойманың 1м<sup>2</sup> артық қор ауданына қойылатын.

### Уақытша сумен қамтамасыз ету есебі

Қажетті судың мөлшері құрылыста қабылданған әдістермен жұмыс көлеміне және олардың орындалу мерзіміне байланысты алынады.

Есеп құрылыстың барлық кезеңіне максимальды сумен қамтамасыз етуге жасалынады.

Жалпы секундта судың шығыны мына формуламен анықталады:

$$V_{жол} = 0,5 \cdot (V_{гон} + V_{шар} + V_{душ}) + V_{орт} \quad (3.5)$$

мұндағы

$V_{он}$  - өндіріске қажетті судың қосындысы;

$V_{шар}$  - шаруашылыққа қажетті судың қосындысы;

$V_{орт}$  - өрт сөндіруге қажетті судың шығынының қосындысы;

$V_{душ}$  - жуыну қондырғыларына қажетті судың шығынының қосындысы.

Өндіріске қажетті судың шығыны мына формуламен анықталады:

